

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-  
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША**  
**АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС МӘЖІЛІСІНІҢ**  
**ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

28.01.2025 жыл

**Қатысқандар:**

1 Қошанова Нағима Данабекқызы - Қазақ филологиясы кафедрасы, ф.ғ.к., доцент - АҚ төрайымы

**Мүшелері:**

2 Ермекбаева Айсулу Шериевна – Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы меңгерушісі, PhD, аға оқытушы

3 Макенова Гаухар Танирбергеновна - Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы, аға оқытушы

4 Нұрманова Айгүл Омаровна - Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы, оқытушы

5 Исаева Жазира Исақызы - Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

6 Ергубекова Жанат Сапарбековна - Қазақ филологиясы кафедрасының доцент м.а., PhD

7 Абиханова Гүлжанат - Қазақ филологиясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

8 Алиева Ляззат Бердуакасовна - Түрік филологиясы кафедрасы, аға оқытушы

9 Каримова Шахназ Атабаевна - Түрік филологиясы кафедрасы, аға оқытушы

10 Молдашева Мадина Мирамғалиқызы - Түрік филологиясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

11 Еділбаева Мадина Нұрланқызы - Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы, 7M02313-Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы, 2-курс магистранты

12 Ералиева Гүлім Ерланқызы - Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы, 6B02335 - Аударма ісі: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы, 3-курс студенті

13 Қуанышбекқызы Айым - Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы, 6B02332- Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы, 3-курс студенті

14 Батыр Фариза Асхарқызы - 6B02336- Филология: қазақ филологиясы, 3-курс студенті

15 Әбдісаттар Гулфайруз Әбдіманапқызы - 6B02336- Филология: қазақ филологиясы, 3-курс студенті

16 Орынбасар Айдана - 6B02333-Шетел филологиясы: түрік тілі ББ студенті, 3-курс

17 Ағыбаев Жанахмет Жанибекович - «Turkistan Media Holding» ЖСС директоры

18 Бектаев Ернар Нуралиевич - Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы

- 19 Еркебұлан Хандиллаев - Түркістан қаласы Тілдерді дамыту және оқыту орталығының директоры  
20 Нұргүл Жақсылықова - Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы  
21 Ашимов Рустам Жорашович – ХҚТУ, Аударма орталығы

**Қатыспағандар: -**

**Күн тәртібі:**

- 1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті ТҮЛЕГІНІҢ АТРИБУТТАРЫ Жобасын талқылау
- 2 2025 жылдың 20 маусым күні Педагогикалық зерттеулер ғылыми орталығының КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің» базасында өтетін «Білім берудегі пәнаралық тәсіл: ғылымдар тоғысында – пәнаралық оқыту мен жобалық әдістердің мүмкіндіктерін зерттеу» атты республикалық әдістемелік семинарының басты бағыттары бойынша өз пікіріңізді ұсыну.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша АҚ төрағасы Қошанова Н.Д.: Құрметті әріптестер! Бізге ұсынылып отырған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті ТҮЛЕГІНІҢ АТРИБУТТАРЫ Жобасын талқылау керек.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ түрік университеті  
ТҮЛЕГІНІҢ АТРИБУТТАРЫ

1. Этика мен парасаттылықтың жоғары стандарттарын сақтайды.
2. Тілдер мен мәдениеттердің айырмашылығын терең түсініп, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінеді.
3. Негізгі ұстанымы - жеке адамға, оның құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет, өз пікірін ашық айтады және басқалардың пікірін тыңдайды.
4. Үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі жаңа мүмкіндіктерді іздеп, тәуелсіз шешім қабылдайтын көшбасшы.
5. Өзінің пәні аясында терең білімді, инновациялық көзқарасты, белсенді позицияны және ұтқырлықты көрсетеді.
6. Кәсіби саласында өмір бойы білімін өздігінен жетілдіруге, ізденуге бейім шығармашылық тұлға.
7. Цифрлық және жасанды интеллект технологияларын еркін қолданады.
8. Келешек қажеттілікті болжап, әлемді жақсы жағына өзгертетін жаңа идеяларды ойлап табуға қабылетті.

Ұсынылып отырған атрибуттар бойынша өз пікірімізді ватсап желісі арқылы ортаға салдық. АҚ мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, төмендегіше ұсыныс жасап отырмыз:

- 1 Этика мен парасаттылықтың жоғары стандарттарын сақтайды – бірінші атрибут сөйлем құрылысы мен мазмұны толық сай келеді.
- 2 Тілдер мен мәдениеттердің айырмашылығын терең түсініп, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінеді – Тілдер мәдениеті қалыптасқан, қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары тұлға десе;

3 Негізгі ұстанымы - жеке адамға, оның құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет, өз пікірін ашық айтады және басқалардың пікірін тыңдайды – деген нұсқаны Негізгі ұстанымы: жеке адамға, оның құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетеді, өз пікірін ашық айтады және басқалардың пікірін тыңдайды деп өзгерту керек.

4 Үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі жаңа мүмкіндіктерді іздеп, тәуелсіз шешім қабылдайтын көшбасшы – деген атрибутты Үздік нәтижелерге қол жеткізу жолында үнемі жаңа мүмкіндіктер іздейтін, тәуелсіз шешім қабылдайтын көшбасшы.

5 Өзінің пәні аясында терең білімді, инновациялық көзқарасты, белсенді позицияны және ұтқырлықты көрсетеді – пән деген сөзді басқа сөзбен ауыстыру керек сияқты.

6 Кәсіби саласында өмір бойы білімін өздігінен жетілдіруге, ізденуге бейім шығармашылық тұлға - келісеміз.

7 Цифрлық және жасанды интеллект технологияларын еркін қолданады - келісеміз.

8 Келешек қажеттілікті болжап, әлемді жақсы жағына өзгертетін жаңа идеяларды ойлап табуға қабілетті – деген атрибутты Алдағы қажеттіліктерді болжап, әлемді жақсы жағына өзгертетін жаңа идеяларды ойлап табуға қабілетті

Мәжілістің 2-мәселесі: 2025 жылдың 20 маусым күні Педагогикалық зерттеулер ғылыми орталығының КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің» базасында өтетін «Білім берудегі пәнаралық тәсіл: ғылымдар тоғысында – пәнаралық оқыту мен жобалық әдістердің мүмкіндіктерін зерттеу» атты республикалық әдістемелік семинарының басты бағыттары бойынша өз пікіріңізді ұсыну – осы мәселе бойынша өз пікірімізді айтайық.



Пікірталас үлгісінде өтетін әдістемелік семинардың бағыттары:

1. Ғылыми зерттеулер мен білім берудегі пәнаралық тәсілдердің өзекті бағыттары.
2. Жобалық оқыту әдістерінің білім алушылардың шығармашылық ойлауын ынталандырудағы рөлі.
3. Жұмысшы мамандарды даярлаудағы пәнаралық оқытудың ерекшеліктері.
4. Мастер-класстар мен воркшоптар:
  - «Пәнаралық оқу жобаларын құру».
  - «Пәндерді интеграциялауда цифрлық құралдарды пайдалану».
  - «Жұмысшы мамандарды даярлауда теория мен практиканы интеграциялау».

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің» базасында өтетін «Білім берудегі пәнаралық тәсіл: ғылымдар тоғысында – пәнаралық оқыту мен жобалық әдістердің мүмкіндіктерін зерттеу» атты республикалық әдістемелік семинары бағыттары өзекті деп бағалап, аталмыш іс-шараға АҚ мүшелері мен оқытушыларды онлайн қатысуға ұсыныс білдіреміз.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы:

 Н.Қошанова  
 Г.Абиханова